

САПА САЛАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

02 қыркүйек 2025 ж.

Алматы қ.

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ КАЧЕСТВА

№ ЦОК-03-25

г. Алматы

Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің 2025–2026 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары

Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі сапа саласындағы мақсаттары, Сапа менеджменті жүйесінің ИСО 9001:2015 халықаралық стандарттарына сәйкестігінің жоғары деңгейін ұстап тұру және оның нәтижелілігін ұдайы жетілдіру болып табылады. Айтылған мақсаттарға келесілер жатады:

1. Білім беру және мәдени салалардағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, осы мақсатты жүзеге асыру аясында, академиялық салада білім мен тәжірибе алмасуға ықпал ететін жетекші шетелдік шығармашылық жоғары оқу орындарымен және мәдени мекемелермен байланысты дамытуға және нығайтуға баса назар аудару.

2. Оқытушылар мен бакалавриат және магистратура студенттеріне академиялық ұтқырлыққа қатысты консультациялық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету, қолдауды академиялық білім беру бағдарламаларына қатысу арқылы, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстар негізінде көрсету

3. Халықаралық аренада қазақстандық мәдениет пен музыканы ілгерілетуге бағытталған бірлескен халықаралық мәдени жобаларды, семинарлар мен конференцияларды іске асыруға жәрдемдесу арқылы консерваторияны әлемдік мәдени қоғамдастыққа интеграциялау.

4. Кросс-мәдениеттік менеджменттегі халықаралық тәжірибені бейімдеу және оны Қазақстанның жоғары музыкалық білім беру орталығы ретінде ЖОО-ның басқару шешімдері мен халықаралық аренадағы түлектердің бәсекеге қабілеттілігі деңгейіндегі позициясын нығайту мақсатында Консерватория процестеріне енгізу.

5. Musique (Бельгия) халықаралық агенттігінде магистратура деңгейінде Консерваторияның жеті білім беру бағдарламасын аккредиттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысу.

6. Халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша Консерватория бөлімшелеріне консультациялық қолдауды жүзеге асыру және жақын және алыс шетелдерден білім беру және мәдени ұйымдармен халықаралық қатынастар саласындағы жұмысты үйлестіру.

7. Ағылшын тілінен аударманы қамтамасыз ету және халықаралық қатынастарға байланысты жұмысты үйлестіру үшін шетелден келіп түскен құжаттарды бейімдеу.

Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық
даму және халықаралық ынтымақтастық
жұмыстар жөніндегі проректор

Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық
жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы



А. С. Нусупова

А. С. Сарымсакова